

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

Қазақ хандығының 550 жылдығына және
Қазақстан халқы Ассамблеясының
20 жылдығына арналған
«ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯСЫ МЕН ЭТНОЛОГИЯСЫ:
ӨТКЕНІ, БҮГІНІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ» атты
«VII Оразбаев оқулары»
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

28-29 сәуір 2015 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической конференции
«VII Оразбаевские чтения»
«КАЗАХСТАНСКАЯ АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ:
ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ»,
приуроченной к 550-летию образования Казахского ханства,
20-летию Ассамблеи народа Казахстана
28-29 апреля 2015 г.

PROCEEDINGS

of International scientific and practical conference
«VII Orazbayev readings»:
«KAZAKH ARCHAEOLOGY AND ETHNOLOGY:
PAST, PRESENT AND FUTURE»,
dedicated to the 550th anniversary of the Kazakh Khanate,
the 20th anniversary of the Assembly of People of Kazakhstan
28-29 April, 2015

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Қазақ жерінің ұланғайыр территориясын ықылым замандардан бастап адам баласы мекендеген. Оның дәлелі ретінде көптеген көне дәуірлерге жататын археологиялық ескерткіштердің сақталуы. Қазақстан жерін мекен еткен ежелгі халықтар мен тайпалар туралы мәліметтерді осы территорияларды басып өткен елші, саяхатшы, зерттеуші, өлкетанушылардың жазбаларынан көруге болады.

Ал Солтүстік Қазақстан территориясы орманды дала мен далалық аймақтардан тұрады. Бұл өңірде ежелгі дәуірлерде адамдар өмір сүрмеген, ұзақ уақыт ешкім мекендемеген деген жансақ ой-пікірлер зерттеуші ғалымдар арасында қалыптасып кеткен. Қазақстанның солтүстік аймағын жүйелі түрле зерттеу тек XX ғ. ортасына қарай жүзеге асты. Солтүстік Қазақстан туралы жазба деректерді XVI-XVII ғғ. жататын Сібір жылнамаларынан, саяхатшылардың жазбаларынан кездестіруге болады. Қазақ жері Ресей патшалығының құрамына кіргеннен кейін империя тарапынан жаңа жерлерді игеруге, пайдалы қазбаларын зерттеуге бағытталған экспедициялар ұйымдастырылады.

Ерте темір дәуірінде Солтүстік Қазақстанда өмір сүрген тайпалар басқа да Орта Азия, Еділ бойы, Сібір, Орал бойындағы тайпалармен тығыз байланыста болған.

Солтүстік және Орталық Қазақстанның ерте темір дәуірін зерттеуде ғалымдар (Хабдулина М.К., Гаврилов Д.А., Свиридов А.Н.) үш кезеңге бөліп қарастырады:

1) XX ғ. 30 жж. ортасы мен 50 жж. Бұл ерте темір дәуіріне жататын қорғандардың қазыла басуы кезі мен тарихи-мәдени реконструкция кезеңі;

2) XX ғ. 50 жж. ортасы мен 70 жж. Бұл аралық тасмола тарихи мәдениетімен байланысты, мақсатты жерлеу орындарын зерттеу кезеңі;

3) XX ғ. 80 жж. аяғы мен қазіргі кезең [1, с. 47]. Өлкенің зерттеліп жатқан уақыты мен маңызды табылымдар ашылған уақытымен байланысты болуы керек.

1930 жылы Б.Н. Граков қолдағы бар мәліметтерге сүйеніп, Қазақстан жерін скиф, ананьин, минусин мәдениеттерінің тоғысу жері деп көрсеткен [2, с. 13]. Бұл жылдары көптеген ғалымдар осындай пікірде болған.

С.И. Руденко 1944 жылы Қазақстанды Скифия, Алтай, Иранды байланыстыратын шөлді далалы аймақтан тұратын кілт – деп атаған [3, с. 267]. Көбінесе зерттеушілер ерте темір дәуіріндегі Солтүстік Қазақстан туралы сөз қозғамауға тырысқан. Мысалы, С.В. Киселев әр кезеңдегі Оңтүстік Сібір мен Қазақстан арасындағы тайпалар мен халықтар туралы айтқанда, Солтүстік Қазақстан туралы мәлімет бере алмаған [4, с. 307].

1952-53 жж. Қазақстанның солтүстігінде Половинное өзені жағасынан өлкетанушы А.И. Семенов ерте темір дәуіріне жататын қорған ашты. Жерлеу шұңқырында басы батысқа қаратылған екі қаңқа табылды. Сонымен қоса, сүйектен жасалған жебе ұштары, темір қылыштың бөліктері, садақ қалдықтары табылды. Жерлеу бұйымы Солтүстік қазақстандық тарихи-өлкетану мұражайында сақтаулы [5, с. 22].

Есіл бойындағы ескерткіштер туралы мұрағаттық деректер мен барлау жұмыстары бойынша мәліметтерді жинау 1954-56 жж. басталды. Солтүстік Қазақстанға К.А. Ақышев бастаған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы жасақталды. Бұл экспедиция ескерткіштерді тіркеу және «уақытын анықтауға бағытталған қазба жұмыстарын» жүргізуді мақсат етті. Нәтижесінде Қазақстанның археологиялық картасына жүздеген жерлеу ескерткіштері қосылып, ерте темір дәуіріне жататын солтүстік облыстарынан 46 қорған ашылды. Өкінішке орай қазылған қорғандардың көпшілігі тонауға ұшыраған [5, с. 3]. Осы кезден бастап Солтүстік Қазақстанның жоспарлы түрдегі археологиялық зерттелуі басталды.

1956 жыды Айдабол өзені маңынан (Ақмола облысы Зеренді ауданы) тас үйіндісі бар үш қорған ашылды. Жерлеу бұйымы қорымды Төменгі Поволжье мен Батыс Қазақстаннан Солтүстік және орталық Қазақстанға өткен б.з.д. V–IV ғғ. жататын тайпалармен байланыстыруға мүмкіндік берді [1, с. 49].

Солтүстік Қазақстанды археологиялық зерттеудің бірінші кезеңі М.П. Грязновтың мақаласымен аяқталады. Бұл мақаласында М.П. Грязнов 1930 жылы Үлкен Шабакты өзені бойындағы «мұртты» обаларды қазған Б.Н. Ждановтың мәліметтерін жарыққа шығарған. Солтүстік Қазақстан территориясында табылған заттай мәліметтердің сараптамасы мен олардың аналогиясы мен кездейсоқ табылымдардың сипаттамасы М.П. Грязновқа бұл «мұртты» обаларды ерте темір дәуіріне жатқызуға мүмкіндік берді [1, с. 49]. Осылайша, Солтүстік және Орталық Қазақстанның ерте темір дәуіріне жататын ерекше мәдениетіне байланысты пікірлер айтылды.

М.П. Грязновтың пайымдауы бойынша Қазақстанның солтүстік өңірінде скифтік типтегі тайпалар өмір сүрген және бұл тайпалар мәдениеті жағынан скифтерге қарағанда алтай-енисейліктерге жақын

болған. Солтүстік Қазақстандағы көшпелілер этникалық және саяси жағынан бір текті болмағандықтан бұл жерде бірнеше археологиялық мәдениеттердің өмір сүруі мүмкін екендігі айтылады [6, с. 17]. Ғалым Солтүстік Қазақстан территориясында ерте темір дәуіріне жататын бір этникалық және саяси қоғамдар қалыптасуы мүмкін – деген тұжырым жасаған.

XX ғ. 50 жж. ортасы мен 70 жж. соңы ерте темір дәуіріне жататын М.Қ. Қадырбаев ашқан тасмола мәдениетін жүйелі түрдегі зерттеулер мен солтүстік қазақстандық Есіл бойындағы ерте темір дәуіріне жататын қоныстарды ашумен ерекшеленеді. 1957 жылы ЦКАЭ М.Қ. Қадырбаев бастаған жеке бөлімі жұмыс істей бастады. 1974 жылы осындай топ М.К. Хабдулинаның басқаруымен Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамында құрылды [1, с. 50].

Ертіс-Қарағанды каналының салынуы барысында Шідерті өзені бойынан көлемді мәліметтер берген қорымдар ашылды. 1966 жылы М.Қ. Қадырбаев б.з.д. VII-III ғғ. тасмола археологиялық мәдениетін бөліп шығарады. Оны бөліп жеке тарихи-мәдениет мәдениет етіп шығару, 300 қорғаннан алынған мәліметтермен байланысты болды. Қазба барысында тасмолалықтардың жерлеу рәсімі, хронологиялық шеңбері, шаруашылығы анықталды. Тасмола мәдениетінің ерекшелігі «мұртты» обалар болып қала берді, бірақ Мир Қасымович өзі айтқандай, «мұртты» обалар жай жер мен үйіндіден құралған қорғандарға қарағанда аз кездеседі. Олардың бір-біріне деген қатынасы 1:10 тең [7, с. 356]. М.Қ. Қадырбаев жинақталған мәліметтер негізінде жаңа археологиялық мәдениетті бөліп көрсетті. Үйінділерді үю ұқсастығы, қорғандардың қасында тас қорғандардың орналасуы, оларды бір мәдениетке қосуға мүмкіндік берді. Осы кезден бастап, бүкіл «мұртты» обалар тасмола мәдениетіне жатқызылды.

Тасмола мәдениетінің кезеңделуі мен хронологиясы табылған ат әбзелдері мен қаруларды классификациялаумен байланысты. Жерлеу инвентарінің салыстыру сараптамасы бойынша тасмолалықтардың Жетісу, Алтай, Минусин қазаншұңқыры және Тывамен байланыстары анықталды. Бұл мәдени-хронологиялық ұқсастықты айқындау үшін М.Қ. Қадырбаев «Сақ мәдени қауымдастығы» терминін енгізуге ұсыныс жасады [7, с. 401].

Солтүстік Қазақстанда жоспарлы түрде ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу 1974 жылы басталды. Осыған дейін Г.Б. Зданович бастаған Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Қазақстанның солтүстік өңіріндегі барлық өзендер мен көлдер ойпаттарына кеңейтілген барлау жұмыстарын жүргізді. Қазақстанның солтүстік облыстарынан археологиялық картаға 300 қорған топтары мен қорғандар қосылды. Жалпы, ерте темір дәуіріне жататын үйінділер саны шамамен 1300 жетті. Барлау жұмыстары барысында бес қоныс анықталды. Олардың төртеуі Есіл бойындағы орманды далалы, ал біреуі Шағалалы бойындағы далалы аймақтарда орналасқан. Экспедиция барысында басты назар қола дәуіріне бағытталды. Ерте темір дәуірі қорғандарын қазу жол-жөнекей болып отырды. 1967 жылы ерте сақ кезеңінен кейінгі сармат кезеңіне дейінгі аралықта мәлімет беретін Есілдегі Покровка елді мекенінің қасындағы қорым зерттелді. Ескерткішті жарыққа шығару кезінде Г.Б. Зданович сақ дәуірі мәліметтерінің Орталық Қазақстандық тасмола кешенімен жақындығын атап көрсетті. XX ғ. 60 жж. аяғы мен 70 жж. басында Петропавлдік Есіл бойындағы Бөркі I, Бөркі II және Қарлұға I қоныстарының сақталған қалдықтары Батыс Сібір орманды-далалы аймақтарының: байтов және саргаттық ерте темір дәуіріне жататын отырықшы мәдениетінің көрсеткіші екендігін көрсетті [1, с. 52].

1979-1980 жж. Петропавловск қаласының солтүстік шетінде орналасқан ерте темір кезеңіне жататын Ақтау қалашығын М.К. Хабдулина бастаған археологтар тобы зерттей бастады. Территориясы 1700 шаршы метрді құраған ескерткіш толықтай ашылды. Керамикасы және қола жебе ұштары бойынша қала б.з.д. V–III ғғ. жатқызылды. Саргат мәдениетіне жататын қорғаныс жүйесі мен үй салу жобалануы негізінде ерекше мәліметтер алынды [8, с. 112-143]. Кейіннен Бөркі I қонысының қалдықтары зерттелді. Шұңқырлармен қоса үйлер мен ошақтар ашылды. Бөркі I қонысынан да Ақтау қалашығы сияқты саргат мәдениетіне жататын мәліметтер алынды [9, с. 6-7]. Яғни, бұл кезеңде саргат мәдениеті өз территориясында ғана тарап қоймай, Қазақстанның солтүстік аудандарына да әсерін тигізген.

XX ғасырдың 80 жылдарынан Солтүстік Қазақстанды зерттеудегі үшінші кезең басталады. Бұл кезеңде зерттеліп жатқан ескерткіштер қатары көбейеді.

1990 жылдар қазақстандық археология үшін ерекше маңызды болды, нарықтық экономиканың жаңа жағдайларына ғалымдар мен археологтардың бейімделуі жүзеге асты. Далалық зерттеулерге жеке, заңды және корпоративті қаражаттар мен халықаралық қорлардың қаржылары тартыла бастады.

1979 жылдан бастап Солтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы Солтүстік Қазақстан облысы Сергеев ауданындағы Қара-оба және Обалы ірі қорғандарына қаза жұмыстарын бастайды. Математикалық тәсілдерді және палеотопырақтанушыларды кешенді түрде қолдану арқылы зерттеудің бірінші тәжірибесі өтті. Екі үйінді де кейінгі қола дәуірі үйінділерінің үстінде орналасқандығы белгілі болды. Бұл б.з.д. II мыңжылдық пен б.з.д. I мыңжылдық соңғы ғасырларына дейінгі табиғат жағдайын анықтауға және қорған үсті үйіндісін реконструкциясын жасауға мүмкіндік берді [10, с. 35].

1980 жылдардың соңына қарай Солтүстік Қазақстандағы ерте темір дәуіріне жататын 200 қорған ашылды. Ең көзге түсерлік материалдар Алыпқаш, Бектеңіз, Бірлік, Граф үйінділері, Ұлыбай қорымдарынан алынды. 1987 жылы жерлеу рәсімінің бірінші сараптамасы жасалды. Б.з.д. VIII ден б.з.д. – II ғғ. дейінгі бір даму бағыты анықталды [11, с. 177-178].

XX ғасырдың 90 жылдары далалы аймақта Көкшетау қаласынан 40 км оңтүстікте Шағалалы өзені бойында орналасқан ерте темір дәуіріне жататын Кеңөткел X қонысын зерттеу басталды. Ескерткіш көлемі 14000 шаршы метр. Ескерткіштің қазіргі жер бетінде XIX-XX ғғ. жататын материалдық мәдениетіне тән қазақтардың тастан жасалған қыстаулары, үй жануарларының сүйектері көрініп жатыр [12, с. 191]. Яғни, бұл жерді үнемі адамдар қоныстанған.

Кеңөткел X қонысының 800 шаршы метрі ашылды. Тас, қола, темірден тұратын заттай деректер алынды. Кеңөткел X қонысында 6 қола пышақ, қола келттің бөлігі, қола біздер, балық аулауда қолданатын күршектер табылды. Табылымдардың ішінде керамикалық заттар көп кездесті. Алғашқыда ескерткіш қола мен темір арасындағы өтпелі кезеңге жатқызылды. Бұл жағдайға номадтарда отырықшы қоныстар болған жоқ деген концепция себепкер болды [12, с. 191]. Тасмола мәдениетінің көптеген қоныстары ашылғасын, Кеңөткел X қонысын ерте сақ кезеңіне жатқыза аламыз. Бұл табылып жатқан заттармен дәлелденуде.

Солтүстік Қазақстан материалдары бірнеше жақтан қызықты болып табылады. Бұл аймақ Батыс Сібірдің орманды даласы мен Сарыарқаның далалы аймақтарының тоғысқан жері болып табылады. Ландшафтындағы екі түрлілік екі мәдени-шаруашылық және екі мәдени әлемнің қарым-қатынасына әкелді. Бұл өз кезегінде археологиялық ескерткіштерге әсер етті. Солтүстік Қазақстан аумағына солтүстіктен саргат, оңтүстіктен тасмола, батыстан сармат мәдениеттері бір-біріне әсер етіп, өзара байланысуына әкелді.

Қорғандардың заттай материалы мерзімделуін нақты анықтау үшін жүйеленуден өтті. Қару-жарақ заттарының типологиясы жасалды (32 садаққаптан табылған 250 жебе ұштары, 19 қылыш), ғұрыптық заттардан (16 қола айна, 34 тас ыдыс), тұрмыстық (9 пышақ, ыдыс) [8, с. 46-55]. Солтүстік Қазақстанның ландшафтық өзгешелігі және ескерткіштердің ерекшелігі М.К. Хабдулинаға оларды тасмола мәдениетінің локалды нұсқасы ретінде біріктіруге мүмкіндік берді және ұлыбай-тасмола мәдениеті деп атауға ұсыныс жасалды.

Солтүстік Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін кезеңдеу заттай табылымдардың кешенді сараптауы арқылы жүзеге асты. Қоладан темірге өтпелі кезеңнің, яғни б.з.д. IX–VIII ғғ. саны көп емес ескерткіштері даулы болып қалды [8, с. 7]. Қоладан темірге өтпелі кезең ескерткіштердің кезеңделуі культурогенездің миграциялық теориясын ұстанатын зерттеушілер жағынан сынға түсті [16, с. 108]. Бұл сынның өзегінде өтпелі кезең ескерткіштерін мойындамауында жатыр, себебі миграция мен бос жерлерге көшіп келу салдарынан мәдениеттердің ауысуы жүзеге асты. Бұл зерттеушілердің пікірінше, егерде қола мен ерте темір дәуірлерін біріктіріп тұрған комплекстер болса да, бұл өз уақытын өмір сүріп болған тайпалар мен жаңа тайпалардың келе бастау уақыты болып табылады.

Өтпелі кезең ескерткіштерін белгілеумен келісетін зерттеушілер де бар [17, с. 244] Солтүстік Қазақстан ескерткіштерін кейінгі қола дәуіріне жататын қыш ыдыс пен ерте сақ типіне жататын 5 жебе ұштары кездесетін 5 қорым Бірлік 2 кешеніне байланысты, жеке Бірлік археологиялық мәдениет төңірегінде топтастыру ұсынылды [18, с. 78]. Екі көзқарас культурогенездің миграциялық және автохтондық екі концепциясын көрсетеді [1, с. 54-55].

19 90 жылдары Солтүстік Қазақстанда ерте темір дәуіріне жататын Селеті өзені бойындағы қоныстарды зерттеу жалғасын тапты. Селеті бойынан Тасқора және Тасқора I қоныстары ашылды. Қоныстар көлемі, топографиясы, үй құрылыстары бойынша ерекшеленеді. Мәліметтердің сарапталуы М.К. Хабдулинаның мақалаларында жан-жақты ашып көрсетілген [12, с. 189-199].

Ең айтулы ашулардың ішінен Есіл бойындағы биіктігі – 7 м, диаметрі – 85 м-ге жететін Байқара қорғаны. Ескерткіш Сергеевка ауылы маңында Есілдің сол жағасында орналасқан. 1997-1999 жж. Герман археологиялық институтының Евроазиялық бөлімі мен Солтүстік Қазақстан университеті бірлескен археологиялық экспедициясы барысында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Күрделі архитектуралық құрылымдар бұл қорған сақ дәуірінің ғибадатханасы ретінде салынғанын көрсетеді. Құрылу кезеңдерінің бірі радиокөміртектік сараптама бойынша б.з.д. V–IV ғғ. жатады. Қорғанның ортасындағы бай сарматтық жерлеу орнын XVIII ғ. тонап кеткен [13, с. 123-124]. Байқара қорғаны ғұрыптық мемориалдардың ерекше тобы ретінде, ерте темір дәуіріне жататын ежелгі тайпалардың бізге белгісіз рухани мәдениетінің көрсеткіші.

2004 жылдан бастап Долматово ауылының маңындағы Ақ-Ирий қалашығында жоспарлы жұмыстар басталды [14, с. 88]. Қазба жұмыстары барысында 657 шаршы метр ашылған. Қалашық жан-жағынан ормен және топырақ үйінділерімен қорғалған. Топырақ үйінділерінің биіктігі – 0,7 м, көлемі – 3,5 м. Ордың көлемі 2,5 м, қазіргі тереңдігі 0,9 м-ді құрайды. Қалашықтың бастапқы қалпын келтілу үшін, ескерткіш шекарасынан тыс жерде 2007 жылы құрылыстың реконструкциялық жұмыстары басталды. Қазіргі кезде Ақ-Ирий қалашығын мұражайға айналдыру жұмыстары жүріп жатыр [15, с. 139]. Бұл археологиялық ескерткіш басқа да осы өңірдің қоныс, қалашықтары секілді ерте темір дәуірінде бұл территорияда отырықшылықтың болғандығын айғақтайды.

Қорытындылай келе, Солтүстік Қазақстанның ерте темір дәуірінің зерттелуі кеш басталды деуге болады. Жоспарлы зерттеу жұмыстары тек XX ғасырдың ортасында ғана жүзеге асты. Ал ерте темір дәуіріне жататын қоныстар мен қалашықтар тіптен XX ғасырдың 70-ші жылдары ғана зерттеле

бастады. Солтүстік Қазақстанның ұзақ уақыт бойы тек скиф, ананьин, минусин мәдениеттерінің тоғысу жері деп қаралуы да өз әсерін тигізді. Ерте темір кезеңінің қоныстары мен қалашықтарының ашылуы Қазақстанның солтүстік өңірінде көшпелі мәдениет қана емес, отырықшылықтың да болғандығын көрсетеді. Ал қалалардың болуы мәдениеттер мен халықтардың араласуына әкеледі.

1. Хабдулина М.К., Гаврилов Д.А., Свиридов А.Н. Археология Северного и Центрального Казахстана. – Астана, 2013. – 280 с.
2. Граков Б.Н. Ближайшие задачи археологического изучения Казахстана // Вестник Центрального музея Казахстана. – Алма-Ата, 1930. – №1. – С. 59-56.
3. Руденко С.И. Скифская проблема и алтайские находки // Изв. АН СССР, серия ист. и филос. Алма-Ата, – 1944. – №6. – С. 266-275.
4. Киселев С.В. Древняя история Южной Сибири. – М., 1951. – С. 643.
5. Акишев К. Памятники старины северного Казахстана // Труды ИИАиЭ АН КазССР.– Алма-Ата: АН Каз ССР, 1959. – Т. 7. – С. 3-25.
6. Грязнов М. Северный Казахстан в эпоху ранних кочевников // Краткие сообщения Института Истории материальной культуры. – Вып. 61. – 1956. – С. 9-25.
7. Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М. Древняя культура Центрального Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 435 с.
8. Хабдулина М.К. Степное Приишимье в эпоху раннего железа. – Алматы: Ракурс, 1994. – 170 с.
9. Бедельбаева М.В. Изучение поселений раннего железного века Казахстана // Вестник КарГУ. 2008. – № 1 (49). – С. 5-9.
10. Зданович Г.Б., Иванов И.В., Хабдулина М.К. Опыт использования в археологии палеопочвенных методов исследования (курганы Кара-Оба и Обалы в Северном Казахстане) // СА. 1984. – №4. – С. 35-48.
11. Хабдулина М.К., Ярыгин С.А. История изучения раннего железного века Сарыарки // Археологические исследования степной Евразии. Сборник научных статей. – Караганда, 2013. – С. 173-182.
12. Хабдулина М.К. Поселения раннесакского времени на реке Селеты // Степная цивилизация Восточной Евразии. –Т. I. Древние эпохи. – Астана: Культегин, 2003. – С. 189-214.
13. Парцингер Г., Зайберт В., Наглер А., Плешаков А.А. Большой курган Байкара. Исследования скифского святилища. – Берлин, 2003. – С. 280.
14. Мартынюк О.И., Плешаков А.А. Вклад ученых Северного Казахстана в историческую науку Республики // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы. Материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011. – Т. I. – С. 83-89.
15. Ковшова Н.С. К вопросу реконструкции хозяйственно-культурного типа городища Ак-Ирий. Материалы международной научной конференции «Маргулановские чтения 2009». – Петропавловск, 2009. – С. 139-140.
16. Итина М.А., Яблонский Л.Т. Саки Нижней Сырдарьи (по материалам могильника Южный Тагискен). – М.: РОССПЭН, 1997. – 187 с.
17. Бейсенов А.З., Ломан В.Г. Древние поселения Центрального Казахстана. – Алматы, 2009. – 264 с.
18. Молодин В. И. К вопросу о выделении берликовской культуры // Интеграция археологических и этнографических исследований. Новосибирск-Омск, 2008. – С. 78-81.

Ұ.Ұ. Үмітқалиев, т.ғ.к., доцент
Г.У. Эшбекова, оқытушы, А.Ғ. Саутбекова, магистрант
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
(Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

ШЫҢҒЫСТАУ ӨЛКЕСІНІҢ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Қазақ халқының өткені мен бүгінгі тарихын білу, оның тікелей жер-су атауларына байланысты болып келеді. Дегенмен, көптеген жер-су атаулары халықтың басынан өткен «сан қилы» замандарында өзгерістерге ұшырап кетіп отырған. Осы себеппен, көптеген топонимдердің халық есінен шығып кетіп бара жатқандығына байланысты, олардың шығу тарихын зерттеу, қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің біріне айналып отыр.

Қазақстан жеріндегі әрбір жер-су атауларының өзіндік терең тарихи мағынаға ие. Олардың әрқайсысының атаулары заман талабына сай, қоғамның өзгеруіне байланысты және әртүрлі үлкен тарихтың белесті кезеңдеріне қатысты, халықтық әдет ғұрып, салт-сана, халықтардың қарым-қатынасына және т.б. жағдайларға байланысты өзгеріп отырған.

Осы тақырыпқа қатысты этнотарихи және лингвистикалық талдау жүргізу, бұл материалдардың негізінде географиялық атаулардың фонетикалық-грамматикалық және семантикалық өзгешеліктерін, этимологиясын айшықтау бүгінгі күннің өзекті мәселелері қатарына жатады.

М.О. Әуезов: «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Әлімбай Нұрсан. Қазақтың әдет-ғұрыптық құқығының терминологиялық мәселелері: этнокогнитологиялық аспект	3
Жумагулов К. Т. Материальная культура гуннов в археологических исследованиях ученых Германии	13
Худяков Ю.С. Вооружение и военное искусство древних номадов саяно-алтая в скифское время	15
Жолдасбаев С. Хантаудағы Жәнібек ханының қыстауы	18
Kilinçkaya Mehmet D. Zihniyet değişiminin temeli olarak alfabe, dil ve tarih inkilâbi.....	21
Жұмаділ А.Қ. «Бес қаруды» зерттеу тарихынан	26
Төлеубаев Ә.Т., Шағырбаев М.С. Жоңғар қақпасынан табылған ортағасырлық қалаларды дерекнамалық тұрғыдан сәйкестендіру мәселелері	28
Елеуов М., Арынов Қ. 2014 жылы ортағасырлық Үтіртөбе қаласына жүргізілген қазба жұмыстары	34
Бейсенов А.З. Әбдіманап Оразбаев және орталық Қазақстандағы қола, ерте темір дәуірлері бойынша зерттеулер	37
Кәрібаев Б. Б. Қазақ хандығының негізін құраған тайпалар	43
Кожя М. Новые данные о культовых сооружениях г. Туркестан	46
Омаров Ғ.Қ. Ұстазым – Ә.М. Оразбаевтың ізімен.	51

СЕКЦИЯ I. АРХЕОЛОГИЯ

Марсадолов Л.С. Археологическая дата большого Берельского кургана (к 150-летию начала исследования)	55
Бейсенов А.З., Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Образ А.М. Оразбаева в отечественной науке и вопросы археологии сакской культуры Сарыарки	60
Кушкумбаев А.К. К вопросу об осадном искусстве монгольской эпохи	66
Уәли Н. Арша жазуы туралы	68
Ксенжик Г.Н. Методы использования картографических документов XIX – начала XX вв в научных исследованиях по этнологии, археологии и истории Казахстана	70
Омаров Ғ.Қ., Сагындыкова С.Т. Солтүстік Қазақстанның ерте темір дәуірінің зерттелу тарихы	75
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Эшбекова Г.У., Саутбекова А.Ғ. Шыңғыстау өлкесінің жер-су атаулары	78
Пилипенко С.А. Железная защитная пластина – гастагна – из средневекового погребения в Кузнецкой котловине.	80
Чаргынов Т.Т. Археологические раскопки стратифицированного памятника Курама в 2014 г.	83
Петров П.Н., Белтенев Ж.М. Некоторые вопросы денежной реформы в великой Монгольской империи в правление хана Угедея.....	87
Абдыканова А., Табалдиев К., Чаргынов Т. Шого К. Памятник эпохи мезолита Айгыржал 2: результаты археологических исследований 2014 года	91
Балтабаева К.Н. Кималь Акишев – выдающийся ученый, воин, патриот	97
Horváth Veronika, Szabó Géza. Scythian age scale armour from the tumulus at Regöly	100
Сихымбаева К.Б. Антропологическая характеристика казахов в системе некоторых тюркоязычных народов Евразии	105
Дуйсенгали М.Н., Куандык С.Р. Новые экземпляры длинных мечей с территории Актюбинской области	110
Бисембаев А.А., Хасанова М.К. Бусы из раннекочевнических погребений бассейна реки Илек	111
Мамиров Т.Б., Амантаев Н.А. Батыс Қазақстан палеолитінің зерттелу тарихы	113
Амелин В.А., Мамедов А.М. Монументально-культовые памятники ранних кочевников севера Актюбинской области	114
Бисембаев А.А., Мырзағалиев Е.Р. Батыс Қазақстанның орта ғасырлық көшпелілерінің қазіргі кезеңде зерттелуінің негізгі бағыттары (1991 – 2014 жж.)	116
Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Малдыбекова Л.Ж. Исследования на «усатом»	